

**«Сазген» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС**

# **Педагогикалық кеңес хаттамасы**

**2023-2024 оқу жылы**

**ХАТТАМА**

29.08.2023жс

Ш.Ділдәбеков

Қатысқандар: -8

***Күн тәртібінде:***

1. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы.
2. Нормативтік құқықтық құжаттар. (Әдістемелік нұсқау-хат, стандарт пен бағдарлама, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытууды дамыту моделі)  
Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы және топтардың талапқа сай жабдықталуы. (Фронтальді бақылау)  
Құжаттарды рәсімдеу, тексеру. (Ескертпелі бақылау)
3. КР «Білім туралы» заңының 8-тарау, 59-бабының 4-тармағына сәйкес өзіндік атtestаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту.
4. Балабақшаның жаңа 2023-2024 оқу жылының оқу жоспарын және балабақша жұмысының жылдық жоспарын, педагогтардың перспективалық жоспарларын, күн тәртібін талқылау және бекіту
5. Әртүрлі мәселелер.

**1. Сөз сөйлемді:** балбақша әдіскері Э.Раймкулова барлық қызметкерлерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Жыл бойы барлығымыз шабыттана жұмыс атқарып балалардың дамып, білім алудың үлес қосамыз деген ойдамын деп жиналысты бастады. Биыл жаз бойы балалармен жазғы сауықтыруда жүргізілген ойындар, сауықтыру іс-шаралары мен спорттық эстафеталық жарыстар баланың көңілді өтуіне, жазды қызықты өткіздік деп қорытындылады. Ал енді келер жылы жазғы сауықтыруда да балалар жан-жақты дамып әрі жаз мезгілін көңілді өткізуі үшін ерекше, қызықты жоспар құрып сол жоспарға сай жұмыс атқару керектігінде айттып өтті. Жаз мезгілінде балаларға қызықты әрі пайдалы болуы үшін, дене бітімі өсіп, ақыл есі артуы үшін эстафеталық спорттық жарыстарды көптеп өткізу тиімді деп ұсыныс таstadtы. Тәрбиешілер келісім берді.

**2. Сөз сөйлемді:** балабақша менгерушісі Э.Раймкулова барша қызметкерлерді нормативтік құқықтық құжаттар соның ішінде КР «Білім туралы» заңымен

қысқаша таныстырып өтті. «Білім туралы» занда барлық білім беретін ұйымдар соның ішінде мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтар еңбек заннамасының 9-бабында меншік нысанына қарамастан тиісті білімді қазак тілінде алу керектігі көсетілгенін сонымен қатар білім берудің тиісті деігейі тек мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жүргізуі тиістігі көрсетілген. Балаларға білімді ана-тілінде менгерту балалардың отанға, жерге, елге, құрметпен қарауы ана-тілімізді толық таза менгерге біліуіне де байланысты екендігін айттып өтті. Сондай-ақ КР «Білім туралы» занының 11-бабында жалпы адамзаттық құндылықтарын көтеруге, жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға, кәсіби шындауға бағытталған сапалы білім алыш жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және күш қуат мүмкіндіктерін дамыту салауатты өмір салтын қалыптастыра алуға мол мүмкіндіктері берілгенін айттып кетті. Ендігі кезекте 2023-2024 оку жылындағы МЖМС және үлгілік оку бағдарламасымен педагогтарды таныстырып өтті. Әр тәрбиешіге өз міндеттері жеке-жеке түсіндіріліп, бағыт бағдар берілді.

Сабак кестесі түзіліп әр тәрбиешіге бала тізіме де бекеітіліп берілді. Балабақшаның жылдық жоспары бойынша тәрбиешілерге әр айда өтетін іс-шаралармен, ертеңгіліктер тізбесі көрсетіліп, жұмыс барысы толықтай түсіндірілді. Педагогикалық кеңесте педагогтардың өз ойларымен ұсынысары ортаға тасталды және ашық түрде макұлданып ұсыныстары ескерілді. Бағдарлама бойынша түсініксіз жағдайлардың күн барысында сұрап үйрену ұсынылды. Жас мамандарға әдіскер тарапынан көп қолдау керектігін айттып өтті менгеруші Э.Раймкулова Әдіскер Э.Раймкулова келісті. Сондай-ақ менгеруші Э.Раймкулова балабақшаның жаңа оку жылына дайындығы мен топтардың стандарт талаптарына сай жабдықталуы оку құралары мен көрнекілік құралдарының жеткілікті болуы дамытушы орта, театр әлемі атрибуттар дайындалуы керектігін ескеrtіп педагогтарға тапсырма берілді. Әр топта табиғат бұрышы, денсаулық бұрышы болуын қадағалауды әдіскер Э.Раймкулова тапсырды.

**3. Тындалды:** КР «Білім туралы» занының 8-тарау, 59-бабының 4-тармағына сәйкес өзіндік аттестаттау комиссиясының мүшелерін сайладап алсақ. Аттестаттау комиссия төрайымы: менгеруші Э.Раймкулова, болып сайлансын. Ал мүше болып әдіскер Э.Раймкулова, Тәрбеші А.Тәттібай, медбике А.Сагиндыкова болып бекітілсін.

**4. Сөз сөйледі:** балабақша менгерушісі Э.Раймкулова 2023-2024 оку жылының жылдық жоспарымен педагогтарды таныстырып сол жоспар негізінде жасалған айлық жоспарды әр педагогқа жеке-жеке бекітіп берді. Жоспар бойынша ең алғашқы өткізілетін 1-қыркүйек білім күні одан кейін тіл мерекесі мен Республика күніне орай өткізілетін іс-шара жоспарыда

қысқаша айтып түсінідріді. Әдіскер Э.Раймкулова айлық жоспар бойынша жұмыстардың өз уақытында және дұрыс бағытта жүргізілуін қадағалауды тапсырды. Әдіскер келісті. Жалпы педагогтарда жоспар бойынша өз сұрақтарын қойып әдіскердің жасаған айлық жоспарымен келісетіндігін айтты. Педагогтардың перспективалық жоспары мен циклограммасы сыйкесінше балалаларға толық мәнгертуі қажет екендігін әдіскер Э. Раймкулова айтып өтті. Күн тәртібі талқыланып бекітілді. Тәрбиешілерге бір нұсқада қолдарына бекітіліп берілді. Менгеруші Э.Раймкулова сондай-ақ медбике А.Сагиндыкова әр топтың тазалығы ыдыстар мен жуынатын құралдардың барлығы санитар талаптарына сәйкес қадағалануы тиісінше жұмыстар атқарылуы әр жуынатын бөлмеде сұйық сабын болуы, әр баланың жеке сұртінетін құрғақ сұрткіші болуы керектігін ескертті. Медбике А.Сагиндыкова келісті. Т.б. ескерілсін.

**5. Сөз сөйлемді:** менгеруші Э.Раймкулова жұмыс уақытында педагогтар балаларды жылы қабақпен күтіп алуы, жұмысқа кешікпе келіп міндетін талапқа сай орындауды ескертіп өтті. Балаларға тәрбиемен білім беру барысын іскерлік формада өткізу маңыздылығын айтты. Әр ертеңгіліктер өткізілер кезінде балалардың денсаулығымен өмір қауіпсіздігі бірінші орында тұру керектігі жіті бақылану керектігін әдіскер Э.Раймкулова тапсырды. Балабақшаның жалпы тазалығын қадағалау медбике А.Сагиндыковаға жүктелді. Сонымен қатар биылғы оқу жылында жасына сай топтарға тәрбиешілер төмендегіше бекітілді. Ересек «Ақ көгершін» тобына тәрбиеші Ж.Сәнгілова, көмекші тәрбиеші Ж.Джанибекова. Ортаңғы «Балапан» тобына тәрбиеші А.Тәттібай, көмекшісі У.Кожанокова. Кіші «Құлыншақ» тобына Ж.Достемесова, көмекшісі Ж.Даuletбаева.

### Шешім:

1. Педагогтар нормативтік күқықтық құжаттар тізбесін менгерсін.
2. Барлық топта стандарт талаптарына сай сабак жүргіzlсіn.
3. Барлық топ керек құрал жабдықтармен қамтамасыз етілсіn.
4. Балабақшада тазалық тиісті деңгейде жүргізіліп оны медбике қадағаласын.
5. Тәрбиешілердің перспективалық және циклограммасы арқылы жүргізілген жұмыстар әр ай сонында менгеруші тараپынан тексерілсіn.

**Б\б менгерушісі:**

**Хатшы:**



**А.Тәттібай**

**Педагогикалық кеңес №02**

**ХАТТАМА**

03.10.2023ж

Ш.Ділдәбеков е/м

Қатысқандар: -8

***Күн тәртібінде:***

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Күн тәртібінің сақталуы және серуеннің дұрыс ұйымдастырылуы (Ескертпелі бақылау)
3. Ай сайынғы балалардың балабақшага келуі мен жеке бас гигиенасын бақылау. (Жедел)
4. Республика күні және алтын күз мерекесінің сценарилеріне бақылау, талқылау
5. Тәуелсіздік күні және жаңа жыл мерекелерін өткізу бойынша жоспар құру, ата-аналармен сұқбаттасу.
6. Әр түрлі мәселелер.

**1. Сөз сөйлемді:** балабақша менгерушісі: Э.Раймкулова откен кеңес шешімі бойынша балабақша топтары талапқа сай безендірілгенін, құрал саймандар мен керек жараптар бар екендігін айтты. Жылдық жоспар бойынша барлық топта тиісті іс-шаралар мен ертеңгіліктер, ашық сабактар өткізіліп жатқандығын айып кетті. Балабақшада әр топтың тазалығы күнделікті тексеріліп қадағалынып жатқандығын медбикеден сұрады. Әр топта тазалық құрадары жеткілікті екендігін менгеруші айтып өтті. Тәрбиешілердің күн тәртібі бойынша жұмыс жүргізуі қадағалынып жатқандығын атап кетті. Сонымен қатар тәрбиешілердің перспективалық жоспары мен апталық циклограммасы ар апта сонында тексеріліп жатқандығын айта кетті.

**2. Сөз сөйлемді:** менгеруші: Э.Раймкулова педагогтарға жыл басындағы бекітілген күн тәртібі бойынша жұмыс жүргізу керектігін ескертіп өтті. Күн

тәртібі бойынша жүргізілген жұмыс тиімді әрі дұрыс болатынын атап кетті. Жылдық жоспар бойынша балаларды қауіпсіздігі сақталып медбикемен бірге жыл мезгілінің қолайлылығына қарай серуен ұйымдастыру керектігін, серуенде балаларға ой-өрісін дамыту үшін отанға, елге, жерге, ауылға сонымен қатар ата-ананы құрметтеуге баулитын тақырыптар қозғалу керектігін айттып өтті. Тәрбиешілер келісті.

**3. Тындалды:** балабақша медбикесі: А. Сагиндыкова балабақшадағы балалардың жеке бас тазалығын құнделікті балабақшага келген кездे көріп тексеріп қадағалайтынын айттып өтті. Егер баладан қандайда мазасыздану, температурасы көтерілу сияқты жағдайды байқаса алғашқы дәрігерлік көмек көсетіп содан соң ата-анаға, менгерушіге хабар беретінін айтты. Балабақшага келмей қалған балалар болса тәрбиешімен бірге келмеу себебін анықтап жағдайдан хабардар болатынын айттып өтті. Балаларды жағдайға байланысты жеке бас тазалығы да тексеріліп отырады және үнемі ата-анамен байланыста болатында медбике: А. Сагиндыкова баяндап өтті.

**4. Сөз сөйлемді:** балабақша менгерушісі: Э. Раймкулова алдағы мерекелер жайлы айтты. Әрбір топта республика күніне орай балалармен мерекелі АҮІӘ өткізу керектігін айтты. Балаларға өткізілген сабактан отанға, елге, жерге деген сүйіспешілігін ояту ата-анаға құрметпен досқа адал болу сияқты патриоттық сезім санасына сіңіру керектігін айттып кетті. Тәрбиешілер келісті. Сондай-ақ алдағы уақытта өткізілетін алтын күз ертеңгілігіне де жақсы денгейде дайындалып балаларды жыл мезгілімен таныстырып күздегі болатын табиғи құбылыстармен таныстыру керектігін, күзде мол өнімге кенелетінімізді де түсінідіру керектігін ескертті. Ертеңгілікте балалар қауіпсіздігі қатаң бақылауда болу керектігін де ескертті. Тәрбиешілер келісті. Жоғарыда аталған ертеңгіліктермен ашық сабактың жоспарын алдын ала менгерушіге көрсету керектігін ескертті. Жоспар балалардың жас ерекшелігіне сай болу кажеттігін атап кетті.

**5. Сөз сөйлемді:** менгеруші: Э. Раймкулова алдағы өткізілетін тәуелсіздік мерекесіне құрылатын жоспарды қатаң бақылайтынын айтты. Білім бөлімінен келген бұйрыққа сәйкес балалардың жас ерекшелігі, психикасына әсер етпейтіндей, балаға аландағы қатігездіктер көрсетілмейтіндей жоспар құрылуы керектігін ескертті. Тәуелсіздік мерекесінде өткен оқиганы қайталау емес, оны керісінші аға-әпкелерімізге сый-құрмет, мереке етіп атап өтуді ұсынды. Педагогтар келісті. Жаңа жылдық ертеңгілікте балаларға түрлі ән, билер үйретіп сахналық қойылымдар ұйымдастырып ерікті ата-аналарды шақырып өткізуді тапсырды. Балалар қауіпсіздігіде бірінші орында екенін ескерте кетті. Педагогтар келісті.

**6. Сөз сөйлемді:** менгеруші: Э. Раймкулова барлық қызметкерлер жұмысқа жауапкершілікпен қарау керектігін ескертті. Жұмысқа уақытылы келіп балаларды күн тәртібіне сәйкес қабылдау керектігін ата-анамен

күнделікті қарым қатынаста болып, балаларды ұрысрай жылы сөздермен қабылдау керектігін ескертті. Жапы балабақшада тазалық сақталу керектігін медбике бақылауда ұстай керектігін айтты. Күнде таң өртең әр топ бөлмелерінің тазалығы ауасы тазартылуын қадағалауды медбикеге тапсырды. Медбике келісті. Педагогтар жылдық жоспарға сай іс жүргізіп, жоспар бойынша сабакты көрнекілікпен өткізу керектігін айтты. Педагогтар келісті.

**Шешім:**

- 1.Әр топта жұмыс күн тәртібіне сай жүргізілсін.
- 2.Откізілетін мерекелік іс-шаралар қауіпсіз және сапалы өткізілсін.
- 3.Балабақшаның тазалығы, балалардың жеке бас тазалығы қадағалансын.

**Б\б менгерушісі:**

**Хатшы:**

**Э.Раймкулова**

**А.Таттібай.**



## *Педагогикалық кеңес №03*

### **ХАТТАМА**

04.01.2024жс

Ш.Ділдәбеков е/м

Катыскандар: -8

#### *Күн тәртібінде:*

1. Өткен пед кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Қысқы серуенді ұйымдастыру. Балаларды серуенге шығаруға дайындықты талқылау.
3. Мәдени гигиеналық дағдылардың қалыптасуы. Тамақ ішу мәдениеті. Тамақтану режим
4. Өткізілетін іс-шара жоспараларын талқылау, дайындық жүргізу.
5. Әртүрлі мәселелер.

**1. Сөз сөйлемді:** балабақша менгерушісі: Э.Раймкулова өткен пед кеңес шешімі бойынша балабақшадағы тәрбиеленушілермен күн тәртібі бойынша жұмыс жүргізілгендігі ата-анамен күнделікті қарым-қатынас жасау барысында ертеңгілітеріміз сапалы, қауіпсіз өткізілгенін айтты. Балабақшада медбике тарапынан тазалық бақылауда болып айтартылған тұмау белгілері байқалмағанын айтып өтті.

**2. Сөз сөйлемді:** менгеруші: Э.Раймкулова қыс мезгіліндегі ұйымдастырылған серуеннің ерекшелігін айтты. Балаларды қалың киімдерін киіндіріп балабақша маңына қысқы серуенге шығару керектігін, ондағы қыс мезгілінің ерекшелігі яғни табиғат құбылыстарымен таныстыру керектігін қар туралы кеңінен мәлімет беру керектігін ескертті. Қысқы серуенге шыққанда балалардың өмір қауіпсіздігі сақталуы тәрбиешілер өздеріде қауіпсіздікті сақтау тиіс екендігін айтып өтті. Тәрбиешілер келісті. Серуенге шығарда балаларға асықпай, жүргірмей тәрбиеші апайдың айтқанын тындау секілді дайындық жүргізуді тапсырды. Міндепті түде серуен барысында медбикеде балалармен бірге баруы тиіс екендігі ескертілді.

**3. Сөз сөйлемді:** менгеруші: Э.Раймкулова балабақшадағы балалар тәрбиеленуге келген соң балаларға балабақшадағы мінездіктерін қалыптастыру керектігін

айтты. Ал мінез күлкіткіштің қалай қалыптастырымсыз әрине мәдени гигиеналық дағдыларды дамытудан бастаймыз. Тәрбиешілер күн барысында баланың іс-әрекетін бақылауда ұстасуы керек. Балалар тамақтануды бастағанға дейін қолын сабында жууды, әр кім өз сұлгісіне сұртіну оны орнына іліп қою секілді әрекетке дағдыландыру қажет. Балалар тамақтануға үстел басына отырғанда қасықты оң қолымен ұстап ішуге, төкпей-шашпай ішуге бір-біріне кедергі болмауға балагны дағдыландыру керектігін айтты ескертті. Тәрбиешілер келісті. Сонымен қатар балалар әдепті, кіші пейіл болуы керектігін жаман әдепсіз сөздерді айтпауға, достарына шыншыл, адап болуға тәрбиелеу керектігі де сөз етілді.

**4. Сөз сөйлемді:** менгеруші: Э.Раймкулова жоспар бойынша өткізілетін іс-шараларға дайындық бастау керектігін айтты. Осы қантар айының соңында «Күлкі бәріне жарық силайды» атты фото көрме барлық топта өткізу керектігін көрмеге алдын ала ұжым болып дайындық жүргізі керектігін айтты өтті. Тәрбиешілер келісті. Сондай-ақ ортаңғы «Балапан» тобында Тәрбиеші А.Тәттібай Сөйлеуді дамыту сабағынан «Шалқан» ертегісін сахналау туралы АУІӘ өткізу керектігі ескертілді. Тәрбиеші келісті. Осы іс-шаралардың жоғары деңгейде өтуін қадағалайтынын айтты.

**5. Тындалды:** әр топтың тәрбиешілері алдағы өткізгелі жатқан іс-шаралардың өту барысы бойынша өз ұсыныстарын ортаға салды. Ұсыныс менгеруші тарапынан мақулданды.

#### Шешім:

1. Балаларды қысқы серуенге балабақша маңына шығарылсын.
2. Педагогтар жоспарға сай іс-шараларды өз деңгейінде өткізсін және жоспар бойынша күнделікті жұмыстар жүргізілсін.
3. Балабақшада тазалық сақталсын. Мәдени гигиеналық дағдыларға қалыптастыру жұмыстары ұдайы жүргізілсін.

**Б\б менгерушісі:**

**Хатшы:**



**ХАТТАМА**

11.03.2024жс

Ш.Ділдәбеков е/м

Катысқандар: -8

***Күн тәртібінде:***

1. Өткен пед кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Балаларды көркем әдебиетпен таныстыру» баяндама
3. АУОҚ жоспарын жасау, тексеру, талқылау.
4. Таза ауада спорттық ойындар мен жаттығулар ұйымдастыру.
5. Ата аналармен жоспар бойынша жұмыс жүргізу (Шолу)

**1. Сөз сөйлемді:** балабақша менгерушісі: Э.Раймкулова өткен пед кеңес шешімі бойынша балабақшадағы тәрбиеленушілермен күн тәртібі бойынша жұмыс жүргізілгендігі ата-анамен күнделікті қарым-қатынас жасау барысында ертеңгілітеріміз сапалы, қауіпсіз өткізілгенін айтты. Балабақшада медбике тарапынан тазалық бақылауда болып айтартылған түмау белгілері байқалмағанын айттып өтті

**2. Сөз сөйлемді: тәрбиеші:** Э.Раймкулова Мектепке дейінгі 2 жаста баланың моторлық қызметтері қарқынды дамиды. Балалардың қозғалыс белсенділігі іс-әрекет дербестігінің жоғары деңгейлігімен сипатталады. 3 жастан бастап нақты және саналы қызығушылығы біліне бастайды, бұл кезеңде бала өзіндік еркі бар жеке адам екенін түсіне бастайды. Ми қызметі мен психикалық қызметі қарқынды дамуын жалғастырады, мінез-құлқында өзгерістер пайда болады. Көркем шығармаларды қабылдауы мен музыкаға деген ықыласы артады. Бұл баланың қызығушылығы мен қабілеттерін анықтауға мүмкіндік береді. Көпшілікпен ойнайтын ойындарға қызығушылығы арта түседі. Үш жасар бала - қажымас қайраткер, ол желімдеуге, мұсіндеуге, сурет салуға дайын, бірақ ұзақ әнгімелер мен түсіндірулерді қабылдай алмайды. 3-4 жасар баланың тұлғалық дамуының базистік мазмұны өзінің көп қырлылығымен, әрдайым даму үстінде және әр жас кезеңінің өзіндік мазмұнының

ерекшеленуімен сипатталады.3-4 базистік сипаттамасына күзыреттілік, дербестік жатады.Балалар материалдарын менгеру нәтижесінде:- тақпақтарды зейін қойып, алаңдамай, бойынша сұрақтарға жауап беруді;ертегідегі, қысқа мазмұны жатқан оқиғаларды, шығармаларда жаңа кейіпкерлердің пайда болуы мен олардың қарым-қатынасын жастағы балалардың тұлғалық, эмоционалдылық, бастамашылдық, жылдың сонында бағдарлама ертегі, әңгіме, күлдіргі күрдастарымен тыңдауды, мазмұны жанашырылған білдіруді, өзіне таныс кейіпкерлермен кездескенде қуануды;таныс шығармалардағы қарапайым сюжеттерді ойнап көрсетуді;кітаптағы суреттерді қарап, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді білуі тиістігін айтты

**3.Сөз сөйлемі:** әдіскер:А.Айтжанова балабақшаға АҰОҚ басшылық жасады .Жұмыс оқу жоспарларын, мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларын, оқу-әдістемелік ішкі тәртіп ережелерінің сақталуын бақылаңдар. Ұйымның Инновациялық педагогикалық тәжірибелі анықтауды, зерделеуді, таратуды және енгізуі қамтамасыз етеділді. Топтарды оқу құралдарымен, ойындармен, ойыншықтармен ұйымдастырылды. Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысының жағдайына талдау жасалды.Сабактар, шеберлік сабактары, семинарлар, жеке және топтық кеңестер, көрмелер, тәрбиешілерге арналған конкурстар өткізіліп келеді, шығармашылық топтардың жұмысын ұйымдастырылада. Тәрбиешілердің, ұйымның басқа мамандарының өзара әрекетін үйлестіріндер. Тәрбиешілер, олардың көмекшілері лауазымдарына кадрларды іріктеу және оларды марапаттау бойынша ұсыныстар жасайды.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндепті стандартының талаптарына, жас тобындағы үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесіне сәйкес педагогикалық процесті жүзеге асырады, пәндік-дамытушы ортаны жасайды, балалардың іс-әрекетіне (онын , танымдық, қозғалыстық, көрнекі, еңбек) бағыттайты.Балалармен жұмыс жасауда тұлғалық-бағдарлы көзқарасты жүзеге асырылады.

**4.Сөз сөйлемі:** менгеруші: Э.Райимкулова аза ауада ұйымдастырылатын деңе тәрбие сабағының әдістемесі, құрылышы балабақша балалардың деңе тәрбиесін сапалы дәрежеге көтеріндер.3-5жас аралығындағы баланың деңесін шынықтыру кезінде басты фактор оның қимыл әрекетінің қаншалықты дұрыс жолға қойылғандығымен байланысты себебі мақсатты орындаған қимыл-қозғалыс жаттығулары бұлшық еттерге қан жүгіртіп,ағза қорегін арттырады.Балалар үшін қозғалыс әрекеті үлкен мұқтаждық болып табылады. Қозғалыс бала үшін үлкен бір қуаныш көзі, сондықтанда қимыл күші оның деңесін қатайтумен қатар психикалық дамуына үлкен әсерін тигізеді.

Күнделікті тіршілікте орындалатын қымылдардың қосындысын адамның қозғалыс белсенділігі деп атайды. Қозғалыс белсенділігі ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған қымылдардан тұрады. Ұйымдастырылған қозғалыс белсенділігіне дene шынықтыру және спорттық жаттығулар белгілі еңбек әрекеттері жатады. Ал ұйымдастырылмаған қозғалысқа түрлі ойындар кезіндегі баланың өз тарапынан жасаған қосымша қозғалыстары жатады. Осы белгілерді негізге ала отырып қазақтың ұлттық ойындарын балалар арасында дамыту тиімді болып келеді. Жалпы алғанда дene тәрбиесінің ұлттық пішіндерімен ұштасатын жолдары қоғамдық өмірдің барлық басқа салалары сияқты жаңа өмір салтына сай не сай еместігі жөнінде тексеруден өтеді. Ұлттық ойындардың кейбір түрлері жаңа мазмұнға ие болып әрі қарай дамиды, ал кейбіреулері тіпті жоғалып кетеді. Денсаулықты қалыптастырып орнықтыратын және шындаитын дene Жаттығу барысында балалардың дene бітіміне, денесін, басын ұстауы мен қол, аяқтарының қымыл координациясына, аяқ алысына, жүгіру жеңілдігіне мән берілуі қерек.

Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі дene қымылдарына журу, жүгіру, секіру, лақтыру, еңбектеу, өрмелеву, асып тусу, шығу, тепе-тендікті сақтау түрлерін дұрыс қалыптастыру негізгі мақсат болып табылады. Бұл дағдыларды қалыптастыру кезінде балалардан ынталы болуды, дұрыс орындауға талпынуды, оларға нақты нұсқаулар беруді, орындауларына көмек көрсетуді талап етеді.

Дене шынықтыруды қымыл-қозғалыс ойындары арқылы жүзеге асыру балалардың дene мушелері мен көңіл-күйлеріне қатты әсерін тигізеді. Қымыл-әрекетке толық жағдай жасаудың, барлық бала ойыннан қуаныш табуға мүмкіндік жасаудың маңызы зор.

Ойын барысындағы іс-қымылды дұрыс сапалы түрде балаға жеткізіп бірнеше рет қайталап әдетке айналдырғанда, бала ағзасындағы зат алмасу артып, жүйке жүйесі белсенділігін танытып, қан айналымы жақсарады. Қозғалыс барысындағы жиі демалудан бала ағзасындағы оттегіге деген қажеттілік артады. Дене шынықтырудың арқасында баланың көңіл-күй жоғарылап, жүйке жүйесі бекиді. Дене шынықтыру нәтижесінде бала өзінің іс әрекетіне және топтық тәртіпке үйреніп, оның ережесіне бағынады. Бұл оның жан-жағындағы оқиғаға мән беріп қарауына, төзімді болуына, тәртіпті сақтауына септігін тигізеді.

2. Дене тәрбиесі сабағына қажетті құралдар мен жабдықтар, оларға қойылатын талаптар.

**5.Сөз сөйлемді:** менгеруші: Э.Раймкулова Тақырыбы: Мектепке дейінгі жастағы балалардың ата-аналарымен жұмыстың жоспарын жасау. Балалармен ата-аналардың өзара ынтымақтастығын нығайту аясында балабақшада жүргізілетін жұмыс жоспарын ұйымдастырындар.

Отбасы әр нәрсенің басы, баланың жан-жақты дамуының негізі болатын тәрбие Ата-анамен отбасының басқа да мушелерінің (ата-әже, аға-апа, т.б) балаларды тәрбиелеп үнемі қадағалап отыруы орасан зор еңбек. Қазіргі уақытта жүртшылықтың балаларды тәрбиелеуге қатысы кеңеje түсіп, тәрбие жұмысы еңбек ұжымының күнделікті ісіне айналуда. жұмысымен

жақын танысып, оны бағалай біледі.

**6. Сөз сөйлемді:** тәрбиеші Ж.Сәңгілова Әрбір отбасының мықты жақтары болады, әр адам жақсы ата – ана болғысы келеді, барлық отбасы көмекті қажет етеді, көмек түрі отбасының нақты қажеттіліктеріне байланысты болады. Ата – анамен жұмысты ұйымдастыру барысында ата – ананы, яғни отбасын тәуелді ете емес, оны қыншылықтарды жену мүмкіндігін нығайтуды көздеу, баланың дамуы туралы ақпарат ата – аналарға бала тәрбиелеуде өз рөлін жүзеге асыруға ықпал етеді. Ата – аналармен бірлесе атқаруға болатын жұмыстар: тақырыптық кеңес (ата – аналарды психологиялық, педагогикалық білім және тәжірибе жаңалықтармен таныстыру, ой қозғау, топішлік ата-аналар жиналышы, ата-аналармен жеке кездесу, олар үшін ашық есік күндерін жарияладап, ата-аналарды ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатыстыру, ата-аналармен бірге психологиялық тренингтер, ойындар ұйымдастыру, ата-аналарға сауалнамалар беру арқылы балалармен олардың қаншалықты тәрбие немесе білім беруге жұмыстанатындарын байқау, отбасылық жарыстар ұйымдастыру әрбір тәрбиеші немесе педагогтің міндеті.

**7. Сөз сөйлемді:** әдіскер .А.Айтжанова Ата-аналармен мейілінше кең тараған жұмыстардың бірі ол ашық есік күні. Мектеп жасына дейінгі мекемемен, оның дәстүрлерімен, ережелерімен тәрбиелеу - оқыту жұмыстарының ерекшеліктерімен таныстыруға, олармен қызықтыра білуге және қатысуға мүмкіндік береді. Ата-аналармен топтарға саяхат жасау, балабақша жұмысынан үзінді көрсету (ұжымдық жұмыстар, серуендеуге жинау т.с.с.) немесе әдіскер ата-аналармен әңгімелеседі, олардың алған әсерлерін анықтайды, туындаған сұрақтарға жауап береді.

### Шешім:

4. АУОҚ жоспарын жасау, тексеру, талқылау. жұмыстарын әдіскерге тапсырылды.
5. Балаларды дene тәрбиесі серуенге қосуын тапсырамын.
6. Педагогтар жоспарға сай іс-шараларды өз деңгейінде өткізсін және жоспар бойынша күнделікті жұмыстар жүргізілсін.
7. Балабақшада тазалық сақталсын. Мәдени гигиеналық дағдыларға қалыптастыру жұмыстары ұдайы жүргізілсін.

**Б\б менгерушісі:**

**Хатшы:**

